

"Кешенді тестілеуді өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 190 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 12 маусымдағы № 269 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 13 маусымда № 32777 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысының 15-тармағының 25) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Кешенді тестілеуді өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 190 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18657 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген кешенді тестілеуді өткізу қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. КТ-ға қағаз форматта қатысу үшін түсуші желілік ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиясы арқылы келесі құжаттарды ұсынады:

1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) жоғары білімі туралы құжат (түпнұсқа);

3) жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

4) өлшемі 3x4 сантиметр болатын екі фотосурет;

5) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген 075-У нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық құжаттама (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрық);

б) тестілеуге қатысу үшін төлем төлегені туралы түбіртек.

Осы 3) тармақшада көрсетілген құжат көшірмесімен бірге салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалары көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

КТ-ға қатысу үшін өтініш берген үміткерлерге ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиясы арқылы құжаттардың қабылдануы туралы қолхат (еркін нысанда) беріледі.

Электрондық форматта КТ-ға қатысу үшін түсуші Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесі арқылы онлайн түрде Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш тапсырады.

Шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттары және стандартталған GRE (Graduate Record Examinations) (грэдуэйт рекорд экзаменейшен) тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар тұлғалар КТ-ға электрондық форматта және республикалық бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беруге арналған конкурсқа қатысу үшін өтініш берген кезде деректерді енгізуі қажет.

Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін (ағылшын) меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттары бар тұлғалар Үлгілік қағидалардың 1-2-қосымшасына сәйкес балдарды аудару шкаласына сәйкес өз қалауы бойынша шет тілі блогын тапсырудан босатылады.

Осы тармақта көрсетілген шет тілі блоктары бойынша балдар КТ сертификатында көрсетілмейді.

"Педагогикалық ғылымдар", "Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика", "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар", "Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары" білім беру салаларының білім беру бағдарламаларының топтарына, сондай-ақ "Гуманитарлық ғылымдар", "Әлеуметтік ғылымдар", "Бизнес және басқару" кадрларын даярлау бағыттарына магистратураға түсетін тұлғалар стандартталған GRE (Graduate Record Examinations) (грэдуэйт рекорд экзаменейшен) тестін тапсыру туралы халықаралық сертификат болған жағдайда, Үлгілік қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес балдарды аудару шкаласына сәйкес, қалауы бойынша шет тілі блогынан және қазақ немесе орыс тілдерінде оқытатын ғылыми-педагогикалық магистратураға КТ оқуға дайындығын анықтауға арналған тест тапсырудан босатылады.

"Педагогикалық ғылымдар", "Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика", "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар", "Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары" білім беру салаларының білім беру бағдарламаларының топтарына, сондай-ақ "Гуманитарлық ғылымдар", "Әлеуметтік ғылымдар", "Бизнес және басқару" кадрларын даярлау бағыттарына магистратураға түсетін тұлғалар стандартталған GRE (Graduate Record Examinations) (грэдуэйт рекорд экзаменейшен) тестін тапсыру туралы халықаралық сертификат болған жағдайда, Үлгілік қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес балдарды аудару шкаласына сәйкес, қалауы бойынша КТ-ны қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде оқытатын бейінді магистратураға КТ оқуға дайындығын анықтауға арналған тест блогынан тапсырудан босатылады.

Осы тармақта көрсетілген КТ шет тілі және оқуға дайындығын анықтауға арналған тест блоктары бойынша балдар КТ сертификатында көрсетілмейді.

Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығы мен қолданылу мерзімін республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру

гранттарын беру жөніндегі конкурсқа өтініш берген кезде немесе ақылы негізде ЖЖОКБҰ-ға қабылданған кезде ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиялары тексереді.

Қағаз немесе электрондық форматта КТ-ға қатысу үшін көру, есту, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған мүгедектер қажет болған жағдайда " Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 44 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10589 болып тіркелген) бекітілген мүгедектік туралы анықтаманы ұсынған кезде КТ өтініш қабылдау бағдарламалық жасақтамасына мүгедектікті белгілеу жөніндегі құжаттарды тіркейді және қосымша:

1) көру, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған мүгедектер үшін КТ шеңберінде тапсырылатын пәндердің оқытушысы болып табылмайтын көмекші және (немесе) есту қабілеті бұзылған мүгедектер үшін ымдау тілін білетін маманға;

2) тестілеу тапсыру үшін қосымша уақыт алу қажеттілігін көрсетеді.

Белгілі бір аумақта шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына осы тармақтың 2) және 5) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынады.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. КТ-ге қатысу үшін өтініштерді қабылдау келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

1) күнтізбелік жылғы 1 маусым мен 5 шілде аралығында;

2) күнтізбелік жылғы 25 қазан мен 10 қараша аралығында.

Тестілеу орны, күні және уақыты туралы ақпарат түсушінің жеке кабинетінде орналастырылады.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

КТ:

1) оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін ғылыми-педагогикалық магистратураға түсушілер үшін: шет тілі (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз) бойынша тесттен, қазақ немесе орыс тіліндегі (таңдау бойынша) білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша және оқуға дайындығын анықтауға арналған тесттен;

2) оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға түсушілер үшін: қазақ немесе орыс тіліндегі (таңдау бойынша) білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тесттен және оқуға дайындығын анықтауға арналған тесттен;

3) оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға түсушілер үшін: ағылшын тілінде білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тесттен және қазақ немесе орыс немесе ағылшын тіліндегі (таңдау бойынша) оқуға дайындығын анықтауға арналған тесттен;

4) шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тобына түсушілер үшін: шет тілі (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз) бойынша тесттен, оқуға дайындығын анықтауға арналған қазақ немесе орыс тіліндегі (таңдау бойынша) тесттен;

"5) араб тілін білуді талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратураға түсушілер үшін: білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тесттен және оқуға дайындығын анықтауға арналған қазақ немесе орыс тілдеріндегі (таңдау бойынша) тесттен тұрады.

Бұл ретте, Қағидалардың 14-тармағында көзделген шет тілін меңгергендігін растайтын халықаралық сертификаттардың біреуі бар тұлғаларға шет тілін меңгергендігін растайтын халықаралық сертификаттардың балдарын аудару шкаласына сәйкес балдар есептеледі.

КТ бейінді пәндері көрсетілген жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес анықталады.";

14 және 15-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"14. КТ-ға берілетін уақыт:

оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін ғылыми-педагогикалық магистратураға түсушілер үшін – 3 сағат 55 минут;

оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға түсушілер үшін – 2 сағат 40 минут;

оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға түсушілер үшін – 2 сағат 40 минут;

шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратураға түсушілер үшін – 2 сағат 5 минут;

араб тілін білуді талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратураға түсушілер үшін – 2 сағат 40 минут.

Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға (көру, есту, тірек-қимыл аппараты функциялары бұзылған) тестілеу үшін қосымша 40 минут беріледі.

15. КТ-ге қатысу үшін өтініш берген бірақ рұқсаттамада көрсетілген күні тестілеуге қатыспаған болса, тиісті тест тапсыру тіліне және білім беру бағдарламалары тобының бейініне сәйкес аудиторияда орын болған жағдайда және келесі дәлелді себептер бойынша КТ-ді өткізу кезеңінде келесі күндердің бірінде қатысу мүмкіндігі беріледі:

1) денсаулық жағдайы бойынша № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына сәйкес нысан бойынша еңбекке уақытша жарамсыздық парағы немесе медициналық анықтама болған кезде;

2) тізбесі "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Қазақстан Республикасының Кодексінде айқындалған жақын туыстарының қайтыс болуын растайтын құжаттар болған кезде;

3) төтенше жағдайлар кезінде.";

мынадай мазмұндағы 16-1-тармақпен толықтырылсын:

"16-1. Кешенді тестілеуді өткізу кезінде техникалық жарақтандыру жөніндегі ең төмен техникалық талаптар Қағидаларға 27-қосымшада келтірілген.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Ғимаратқа кіргізу үшін пайдаланылатын кіреберіс есіктер және КТ жүргізу процесі бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз етіледі. Бұл ретте кіргізу, тестілеуді өткізу процесін бейнебақылау жазбасы, сондай-ақ тестілеуден кейін үй-жайда сақталған пайдаланылған кітапшалар тестілеу аяқталғаннан кейін күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде Ұлттық тестілеу орталығына беріледі.

20 шілде мен 10 тамыз аралығында және (немесе) 18 қараша мен 11 желтоқсан аралығында КТ өткізу кезеңінде Ұлттық тестілеу орталығы тестілеу кезіндегі бейнебақылау жазбаларын қарауды және тестілеу жүйесіндегі түсушінің тіркеу файлдарын (логтарын) тексеруді жүзеге асырады және түсушінің КТ барысында Қағидалардың 35, 37 және 47-11-тармақтарын бұзуы анықталған жағдайда Ұлттық тестілеу орталығы Қағидаларға 4-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті акт жасайды. КТ барысында туындаған штаттан тыс жағдайлар бойынша Ұлттық тестілеу орталығы комиссиясының шешімімен КТ сертификатының күші жойылады. КТ сертификатының күші жойылғаннан кейін Ұлттық тестілеу орталығы түсушіге хабарлама жібереді. Түсуші ағымдағы жылы тестілеуге жіберілмейді.

20 шілде мен 10 тамыз аралығында және (немесе) 18 қараша мен 11 желтоқсан аралығында кезеңде өткізілген КТ аяқталғаннан кейін 3 (үш) ай бойы Ұлттық тестілеу орталығы тестілеу кезіндегі бейнебақылау жазбаларын қарауды және тестілеу жүйесіндегі түсушінің тіркеу файлдарын (логтарын) тексеруді жүзеге асырады.

КТ аяқталғаннан кейін тестілеу кезіндегі бейнебақылау жазбаларын қарау және/немесе тестілеу жүйесіндегі түсушінің тіркеу файлдарын (логтарын) тексеру нәтижелері бойынша түсушінің КТ барысында Қағидалардың 35, 37 және 47-11-тармақтарын бұзуы анықталған жағдайда Ұлттық тестілеу орталығы еркін нысандағы акт жасайды және білім беру саласындағы уәкілетті органға растайтын материалдармен бірге жібереді.

Акт пен растайтын материалдар білім беру саласындағы уәкілетті органмен құрылған комиссияның қарауына ұсынылады. Комиссияның шешімімен тестілеу нәтижелері (КТ балдары), сондай-ақ республикалық бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беруге арналған конкурстың нәтижелері (білім беру грантын беру туралы куәлік) білім беру саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен жойылады.

Тестілеу нәтижелері (КТ сертификаты) және (немесе) білім беру грантын беру туралы куәлік жойылғаннан кейін Ұлттық тестілеу орталығы түсушілерге хабарлама жібереді және (немесе) ақпаратты түсушінің жеке кабинетінде орналастырады. Түсуші ағымдағы жылы тестілеуге жіберілмейді.";

27-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) 9-секторда екінші бейіндік пән бойынша тест тапсырмаларының жауабы боялады. 9-сектордағы әр тапсырмаға сегіз жауап нұсқасы берілген, оның ішінде үш дұрыс жауаптан артық емес таңдау қажет. Сәйкес дөңгелекшелерді толық бояу арқылы белгіленеді";

28-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) 8-секторда екінші бейіндік пән бойынша тест тапсырмаларының жауабы боялады. Бұл секторда әр тапсырмаға сегіз жауап нұсқасы берілген, оның ішінде үш дұрыс жауаптан артық емес таңдау қажет. Сәйкес дөңгелекшелерді толық бояу арқылы белгіленеді";

29-1 тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) 9-секторда екінші бейіндік пән бойынша тест тапсырмаларының жауабы боялады. 9-сектордағы әр тапсырмаға сегіз жауап нұсқасы берілген, оның ішінде үш дұрыс жауаптан артық емес таңдау қажет. Сәйкес дөңгелекшелерді толық бояу арқылы белгіленеді.";

36-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"36. Қағаз форматтағы КТ кезінде түсушіде Қағидалардың 35-тармағында көрсетілген заттар табылған, сондай-ақ түсуші осы Қағидалардың 35-тармағын бұзған жағдайда тестілеу әкімшісі бақылаушылармен бірге түсушінің қатысуымен Қағидаларға 10-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Аудиторияда тыйым салынған заттардың тәркіленуі және тәртіп сақтау ережесін бұзған түсушіні аудиториядан шығару туралы акт" толтырады. Түсуші аудиториядан шығарылады. КТ нәтижелері өңделмейді және жойылуға жатады. Түсуші ағымдағы жылы тестілеуге қайта жіберілмейді.

Электрондық форматтағы КТ кезінде және тестілеу жүйесіндегі түсушінің тіркеу файлдарын (логтарын) тексеру нәтижесі бойынша түсушіде Қағидалардың 47-11-тармағында көрсетілген заттар табылған, сондай-ақ түсуші Қағидалардың 47-11-тармағын бұзған жағдайда тестілеу әкімшісі бақылаушылармен бірге түсушінің қатысуымен Қағидаларға 10-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Аудиторияда тыйым салынған заттардың тәркіленуі және тәртіп сақтау ережесін бұзған түсушіні аудиториядан шығару және (немесе) әрекеттері немесе тестілеу жүйесіне араласу әрекеті және тестілеуден өту кезіндегі өзге де бұзушылықтар жасағаны туралы акт" толтырады. Түсуші аудиториядан шығарылады. КТ нәтижелері өңделмейді және жойылуға жатады. Түсуші ағымдағы жылы тестілеуге қайта жіберілмейді.";

42-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"42. КТ тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау келесі түрде жүзеге асырылады

:

1) бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында дұрыс жауапты таңдағанда бір балл беріледі, басқа жағдайда нөл балл беріледі;

2) бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар (үш дұрыс жауаптан артық емес) тест тапсырмаларында:

бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында дұрыс жауапты таңдағанда екі балмен;

бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында бір дұрыс жауапты және бір дұрыс емес жауапты таңдағанда бір балмен;

бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі және одан да көп дұрыс емес жауапты таңдағанда нөл балмен;

екі дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі дұрыс жауапты таңдағанда екі балмен;

екі дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында бір дұрыс жауапты таңдағанда бір балмен";

екі дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында бір дұрыс жауапты және бір дұрыс емес жауапты таңдағанда бір балмен;

екі дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі дұрыс жауапты және бір дұрыс емес жауапты таңдағанда бір балмен;

екі дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі және одан да көп дұрыс емес жауапты таңдағанда нөл балмен;

үш дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында үш дұрыс жауапты таңдағанда екі балмен;

үш дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі дұрыс жауапты таңдағанда бір балмен;

үш дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында екі дұрыс жауапты және бір дұрыс емес жауапты таңдағанда бір балмен;

үш дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында үш дұрыс жауапты және бір дұрыс емес жауапты таңдағанда бір балмен;

үш дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында тек бір дұрыс жауапты не екі және одан да көп дұрыс емес жауапты таңдағанда нөл балмен бағаланады";

47-2 және 47-3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"47-2. Түсушілердің жеке басын сәйкестендіру адам бетінің көлемдік-кеңістіктік формасын сканерлеу арқылы, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжаттың негізінде жүргізіледі.

Жеке басы сәйкестендірілгеннен кейін, түсуші отырғызу парағында көрсетілген нөмірге сәйкес орынға отырады.

Орнына отырғаннан кейін түсуші Қағидаларға 5-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша отырғызу парағына қол қояды.

47-3. Тестілеу басталғанға дейін тестілеу әкімшісі түсушіге тестілеу ережелері бойынша нұсқаулық өткізеді.

Тестілеуді бастау үшін түсуші:

1) логин және құпия сөз енгізу немесе адам бетінің көлемдік-кеңістіктік формасының сканері арқылы авторизациялау;

2) Тестілеуді өткізу қағидаларымен танысу;

3) деректерінің дұрыстығын растау;

4) "Кіру" батырмасын басқаннан кейін тестілеуге өту қажет.

Түсуші тестілеу жүйесіне әрбір кіру және шығу кезінде, сондай-ақ тестілеу аяқталғаннан кейін компьютерде орнатылған фронтальды камера арқылы адам бетінің көлемдік-кеңістіктік формасының сканері арқылы авторизациялаудан өтеді.

Тестілеу кезінде техниканың техникалық ақауы болған жағдайда түсуші тестілеу әкімшісіне хабарлауы қажет. Тестілеу әкімшісі Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тестілеу кезінде техниканың техникалық ақауын анықтау актісін жасайды.

КТ өткізу пунктінде электр қуаты ажыратылған жағдайда немесе тестілеу жазбасы жүргізілмейтін басқа да форс-мажорлық жағдайларда, Ұлттық тестілеу орталығының келісімен тестілеу әкімшісі мен өңірлік мемлекеттік комиссия Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тестілеу процесін тоқтата тұру және ауыстыру туралы акт жасай отырып, тестілеу процесін тоқтатады (күшін жояды) және басқа күнге ауыстырады.";

47-11-тармақ мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

"11) тестілеу жүйесіне араласу әрекеті және тестілеуден өту кезіндегі өзге де бұзушылықтар жасауға рұқсат етілмейді.";

мынадай мазмұндағы 47-15-тармақпен толықтырылсын:

"47-15. КТ өткізу кезеңінде және КТ аяқталғаннан кейін бейнебақылау жазбаларын қарау және (немесе) түсушілердің тіркеу файлдарын (логтарын) тексеру барысында анықталған түсушілердің аудиториядағы тәртіп сақтау қағидаларын бұзу және (немесе) КТ тапсыру кезінде тестілеу жүйесіне араласу немесе араласуға әрекет жасауға қатысты бұзушылықтарды қарастыру үшін КТ барысында туындаған күтпеген жағдайлар бойынша шешім қабылдау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылады.

Комиссияның төрағасы және құрамы білім беру саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен бекітіледі.

Комиссияның құрамына білім беру саласындағы уәкілетті органның және Ұлттық тестілеу орталығының өкілдері кіреді.

Комиссияның функциялары:

1) КТ өткізу кезіндегі күтпеген жағдайлар туындағанда шешімдер қабылдау;

2) КТ өткізу кезеңінде бейнебақылау жазбаларын қарауды және тестілеу жүйесіндегі түсушінің тіркеу файлдарын (логтарын) тексеру бойынша түсушілердің

Қағидалардың 35 және 47-11-тармақтарында көрсетілген ережелерді бұзғаны және (немесе) тыйым салынған заттарды пайдаланғаны анықталған жағдайда КТ нәтижелерінің күшін жою туралы шешім қабылдау;

3) КТ аяқталғаннан кейін білім беру саласындағы уәкілетті органға КТ нәтижелерін (КТ сертификаты) және республикалық бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсының нәтижелерін (білім беру грантын беру туралы куәлік) жоюға ұсыну.

59-3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"59-3. Республикалық апелляциялық комиссияның құрамы КТ мәндес пәндері бойынша саны екеуден кем болмайтын ЖЖОКБҰ профессор-оқытушылар құрамынан құрылады.";

59-7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"59-7. Республикалық апелляциялық комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Республикалық апелляциялық комиссияның шешімі тестілеуді өткізуге жауапты ұйымдағы ақпаратты басқару және өңдеу жүйесінде бір жыл бойы сақталады";

көрсетілген Қағидаларға 1, 2, 4, 4-1 және 5-1-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 3, 4 және 5-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 10, 10-1, 10-2 және 11-қосымшалар осы бұйрыққа 6, 7, 8 және 9-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 14, 15, 16, 16-1, 17 және 17-1-қосымшалар осы бұйрыққа 10, 11, 12, 13, 14 және 15-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалар осы бұйрыққа 16, 17 және 18-қосымшаларға сәйкес 24, 25 және 26-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Кешенді тестілеуге қатысу үшін өтініш

Жеке мәліметтер
ЖСН
Тегі
Аты
Әкесінің аты (болған жағдайда)
E-mail
Азаматтығы
Ұлты
Жынысы
Туған жыл
Байланыс телефоны
Шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттың болуы туралы мәліметтер
Шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификатты таңдау
Балды көрсету
Халықаралық сертификаттың болуы туралы, GRE (Graduate Record Examinations) стандартталған тестін тапсыру туралы мәліметтер
Балды көрсету
Тестілеу параметрлері
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ
Тестілеу түрін таңдау: магистратураға кешенді тестілеу
Тестілеу санатын таңдау: Магистратураға кешенді тестілеу/ Ағылшын тілінде оқытатын бейінді магистратураға кешенді тестілеу/ Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтары үшін магистратураға кешенді тестілеу / Араб тілін білуді талап ететін білім беру бағдарламалары топтары үшін магистратураға кешенді тестілеу
Магистратураның дайындық бағытын таңдау: ғылыми-педагогикалық / бейіндік
Магистратураның білім беру саласын таңдау
Білім беру бағдарламалары тобының коды мен атауын таңдау
Тестілеуді тапсыру тілін таңдау
Ашылмалы тізімнен шет тілін тапсыру тілін таңдау (егер дайындықтың таңдалған бағыты " ғылыми-педагогикалық" болса)
ОДАТ тапсыру тілін таңдау

ЖЖОКБҰ орналасқан аймақты таңдау (егер тестілеудің таңдалған санаты - шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары үшін магистратураға кешенді тестілеу)
ЖЖОКБҰ таңдау (егер тестілеудің таңдалған санаты - шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары үшін магистратураға кешенді тестілеу)
Тестілеу қаласын таңдау
Мүгедектік туралы деректер

Танысу және растау:

Кешенді тестілеуді өткізу қағидаларымен танысу және "Кешенді тестілеуді өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 190 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 13 мамырда № 18657 болып тіркелді) бекітілген. Кешенді тестілеуді өткізу қағидаларының 4, 6, 8, 15, 18, 19, 21, 35, 36, 37, 47-11 тармақтарымен танысқанын растау, сондай-ақ дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім беру (фото, бейне және бейне демонстрацияны, оның ішінде автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып немесе мұндай құралдарды пайдаланбай дербес деректердің ақпараттық жүйелерінде пайдалану).

Ескерту: ЖСН – жеке сәйкестендіру номері; ОДАТ - Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест; ЖЖОКБҰ - жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары.

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары
білім министрінің
2023 жылғы 12 маусымдағы
№ 269 бұйрығына
2-қосымша
Кешенді тестілеуді
өткізу қағидаларына
2-қосымша

Кешенді тестілеу бейінді пәндері көрсетілген білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі

Білім беру бағдарламасы тобының нөмірі	Білім беру бағдарламасы тобының атауы	Бейінді пәндер	
		1 бейінді пән	2 бейінді пән
M001	Педагогика және психология	Педагогика	Психология
M002	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	Мектепке дейінгі педагогика	Мектепке дейінгі жастағы балалардың тілін дамыту әдістемесі
M003	Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау	Педагогика (бастауыш сыныптар үшін)	Бастауыш сыныптарда математиканы оқыту әдістемесі
M004	Бастапқы әскери дайындық педагогтерін даярлау	Педагогика	Бастапқы әскери дайындықты оқыту әдістемесі

M005	Дене шынықтыру педагогтерін даярлау	Педагогика	Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі
M006	Музыка педагогтерін даярлау	Педагогика	Музыка пәнін оқыту әдістемесі
M007	Көркем еңбек, графика және жобалау педагогтерін даярлау	Педагогика	Көркем еңбек, графика және жобалауды оқыту әдістемесі
M008	Кәсіптік оқыту педагогтерін даярлау	Педагогика	Кәсіптік оқытудың заманауи технологиялары
M009	Құқық және экономика негіздері	Мемлекет және құқық теориясы негіздері	Құқық және экономика негіздерін оқыту әдістемесі
M010	Математика педагогтерін даярлау	Математика	Математиканы оқыту әдістемесі
M011	Физика педагогтерін даярлау (қазақ, орыс, ағылшын тілі)	Жалпы физика	Физиканы оқыту әдістемесі
M012	Информатика педагогтерін даярлау (қазақ, орыс, ағылшын тілі)	Бағдарламалау	Информатиканы оқыту әдістемесі
M013	Химия педагогтерін даярлау (қазақ, орыс, ағылшын тілі)	Химия	Химияны оқыту әдістемесі
M014	Биология педагогтерін даярлау (қазақ, орыс, ағылшын тілі)	Биология	Биологияны оқыту әдістемесі
M015	География педагогтерін даярлау	География	Географияны оқыту әдістемесі
M016	Тарих педагогтерін даярлау	Қазақстан тарихы	Тарихты оқыту әдістемесі
M017	Қазақ тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау	Педагогика	Қазақ тілін оқыту әдістемесі
M018	Орыс тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау	Педагогика	Орыс тілін оқыту әдістемесі
M019	Шет тілдері педагогтерін даярлау	Педагогика (қазақ, орыс, ағылшын тілі)	Кәсіби бағытталған шет тілі (ағылшын, француз, неміс тілдері)
M020	Әлеуметтік педагогтарды даярлау	Әлеуметтік педагогика	Әлеуметтік психология
M021	Арнайы педагогика	Арнайы педагогика	Инклюзивті білім беру
M022	Музыкатану	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M023	Аспатық орындаушылық	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M024	Вокалдық өнер	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M025	Дәстүрлі музыка өнері	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау

M026	Композиция	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M027	Дирижирлеу	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M028	Режиссура	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M029	Театр өнері	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M030	Эстрада өнері	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M031	Хореография	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M032	Аудиовизуалды өнер және медиа өндіріс	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M033	Бейнелеу өнері	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M034	Өнертану	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M035	Сән, дизайн	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M036	Полиграфия	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M037	Арт-менеджмент	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M050	Философия және әдеп	Қазақ философиясы	Әлеуметтік философия
M051	Дінтану және теология	Діндер тарихы	Қазіргі дәстүрден тыс діни қозғалыстар және культтер
M052	Исламтану	Діндер тарихы	Қазақстандағы қазіргі діни жағдай
M053	Тарих	Қазақстанның ежелгі және ортағасырлар тарихы	Археология негіздері
M054	Түркітану	Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы	Түркі халықтарының жалпы тарихы
M055	Шығыстану	Классикалық және қазіргі шығыстану	Шығыс елдерінің жаңа және қазіргі заман тарихы
M056	Аударма ісі, ілеспе аударма	Аударма теориясы (ағылшын, орыс, қазақ, корей, қытай, жапон тілдері)	Кәсіби-бағытталған шет тілі (ағылшын)
M057	Лингвистика	Жалпы тіл білімі	Лингвистика ілімінің тарихы
M058	Әдебиет	Фольклор	Әдебиет теориясы
M059	Шетел филологиясы	Тіл теориясының негіздері (ағылшын, неміс, француз, корей, қытай, жапон тілдері)	Кәсіби-бағытталған шет тілі (ағылшын, неміс, француз тілдері)
M060	Филология	Қазіргі қазақ тілі	Қазіргі қазақ әдебиеті
M061	Әлеуметтану	Әлеуметтану тарихы	Әлеуметтанулық зерттеулерді жоспарлау және ұйымдастыру
M062	Мәдениеттану	Қазақ мәдениетінің тарихы	Мәдени антропология

M063	Саясаттану және конфликтология	Саясат теориясы	Қолданбалы саясаттану
M064	Халықаралық қатынастар	Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты	Дипломатиялық және консулдық қызмет
M065	Аймақтану	Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты	Халықаралық қатынастар жүйесіндегі аймақтардың қазіргі мәселелері
M066	Психология	Жалпы психология	Даму психологиясы
M067	Журналистика және репортерлық іс	Қазақ журналистикасының тарихы	Қазіргі журналистиканың жанрлық түрі мен қызметі
M068	Қоғаммен байланыс	PR теориясы мен тәжірибесі	Имиджелогия
M069	Кітапхана ісі, ақпаратты өңдеу және архив ісі	Құжаттану	Археография
M070	Экономика	Кәсіпорын экономикасы	Макроэкономика
M071	Мемлекеттік және жергілікті басқару	Мемлекеттік басқару теориясы	Экономиканы мемлекеттік реттеу
M072	Менеджмент	Менеджмент	Бизнесті ұйымдастыру
M073	Аудит және салық салу	Бухгалтерлік есеп негіздері	Аудит
M074	Қаржы, банктік және сақтандыру ісі	Қаржы негіздері	Корпоративтік қаржы
M075	Маркетинг және жарнама	Маркетинг	Маркетингтік зерттеулер
M076	Еңбек дағдылары	Экономикалық теория	Макроэкономика
M077	Бағалау	Экономика және жылжымайтын мүлікті басқару	Қазақстан Республикасының Ұлттық бағалау стандарттары
M078	Құқық	Мемлекет және құқық теориясы	Ситуациялық кейс (Қазақстан Республикасының заңдарын және / немесе халықаралық құқықты қолдану негізінде нақты практикалық жағдайды кешенді құқықтық талдау)
M079	Сот сараптамасы	Криминалистика	Сот экспертологиясы
M080	Биология	Клетка биологиясы	Ботаника
M081	Генетика	Клетка биологиясы	Молекулалық генетика негізімен жалпы генетика
M082	Биотехнология	Биохимия	Биотехнология негіздері
M083	Геоботаника	Қазақстан биоресурстары	Ботаника
M084	География		Дүниежүзінің экономикалық,

		Қазақстанның физикалық географиясы	Әлеуметтік және саяси географиясы
M085	Гидрология	Гидрология негіздері	Гидрологиялық ақпаратты статистикалық өңдеудің заманауи әдістері
M086	Метеорология	Физикалық метеорология	Климатология
M087	Қоршаған ортаны қорғау технологиясы	Геоэкология	Экологиялық мониторинг
M088	Гидрогеология және инженерлік геология	Жер асты суларын іздеу және барлау	Инженерлік-геологиялық зерттеулер
M089	Химия	Физикалық химия	Аналитикалық химия
M090	Физика	Механика	Молекулалық физика
M091	Сейсмология	Сейсмологияның физикалық негіздері	Сейсмикалық жазбалар бойынша жер сілкірудің параметрлерін анықтау
M092	Математика және статистика	Математикалық талдау	Дифференциалдық теңдеулер
M093	Механика	Теориялық механика	Тұтас орта механикасына кіріспе
M094	Ақпараттық технологиялар	Алгоритмдер және деректер құрылымы	Деректер базасы
